

«TAIBURYL»
Қоғамдық бірлестігі
010000, Астана қаласы, Сығанақ к-сі 29
БЦ «Евроцентр» оф.147, тел. + 7 7172 516964
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com
www.taiburyl.kz



«TAIBURYL»
Общественное объединение
010000, город Астана, ул.Сығанақ 29
БЦ «Евроцентр» оф.147, тел. + 7 7172 516964
e-mail: taiburyl.kz@gmail.com
www.taiburyl.kz

Бекіттемін
«TAIBURYL» Қоғамдық Бірлестігінің
Басқармат Төрағасы
«1» маусым 2015 ж.

«Айлық шәкіртақылар» ЕРЕЖЕСІ

«Білімді қолдау» Бағдарламасы

Астана қ.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Айлық шәкіртақылар» Ережесі «Taiburyl» Қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – Бірлестік) «Білімді қолдау» бағдарламасында реттеуші тәртіппен берілетін шәкіртақының негіздемесі.
- 1.2. Шәкіртақы дегеніміз, бакалавриат не магистратура білімдік бағдарламасымен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын (әрі қарай – ЖОО) студенттерге арналған, ай сайын төленетін ақша құны.
- 1.3. Шәкіртақы техникалық, медициналық, гуманитарлық, қоғам және экономика ғылым саласында оқитын, талантты, келешегі бар қазақстандық студенттеріне оқу, ғылым әрі тәжірибие саласындағы қызметін ынталандыру үшін беріледі.
- 1.4. Байқау жыл сайын тамыз – қыркүйек, қаңтар – ақпан айларында жаңа оқу семестр алдында өткізіледі.

2. Шәкіртақы алу үшін үміткерлерге талап

2.1. Үміткерлер шәкіртақы алу үшін келесі талаптарға сай болу керек:

- Қазақстан Республикасының азаматы болу тиіс;
- соттылығы және әкімшілік жазасы болмауы тиіс;
- Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, шетел ЖОО-ның еншесіндегі емес, қазақстандық ЖОО-да бакалавр не магистратура деңгейінде күндізгі бөлімшесінде оқу тиіс;
- кем дегенде бір оқудың жартыжылдығын аяқтап, транскрипт көрсеткіші болуы қажет;
- мемлекет бөлген грант иегерінің шәкіртақысынан басқа қаржы көздерінен шәкіртақы алмауы тиіс;
- университеттен басқа еңбек келісімі бойынша жұмыс істемеу керек;
- оқу үлгерімі қағиданың 2.2 тарауында көрсетілген ұйқарындылық өлшемге сай болуы тиіс;
- қағиданың 2.3 тарауында жазылғандай материалдық тұрмыс қамсыздығы сәйкес болуы тиіс;
- қағиданың 2.4 тармағында көрсетілгендей үлестес болу керек.

2.2. Оқу үлгерімінің көрсеткіші осындай болу тиіс:

А. Бакалавр студенттеріне:

- оқу жылының қашан аяқтауына қарамастан Ұлттық Біріңғай Тестілеудің (әрі қарай ҰБТ) көрсеткіші барлық 125 балдан 110 балдан төмен болмауы керек не болмаса тапсырар алдында максималдық ҰБТ бал көрсеткіші 88% пайыздан аз болмау керек, кейбір **приоритеттік мамандықта** оқитын студенттерге ҰБТ 125 балдан 90 балдан төмен болмауы керек не болмаса тапсырар алдында максималдық ҰБТ бал көрсеткіші 72% пайыздан аз болмау керек;
- ЖОО-нда оқыған өткен семестр бағаларының көрсеткіші барлық 5 балдан 4,8 болу керек не барлық 4 балдан 3,8 болуы тиіс, кейбір **приоритеттік мамандықта** оқитын студенттерге, оқу үлгерімінің көрсеткіші толы 5 балдан 4,6 болу керек, не болмаса толы 4 балдан 3,5 болу керек;

Б. Магистратура студенттеріне:

- бакалавр кезеңінде оқыған ортақ бал көрсеткіші толы 5 балдан 4,8 болуы тиіс;
- ЖОО-нда оқыған өткен семестр бағаларының көрсеткіші барлық 5 балдан 4,9 болу керек не барлық 4 балдан 3,8 болуы тиіс, кейбір **приоритеттік мамандықта** оқитын студенттерге, оқу үлгерімінің көрсеткіші толы 5 балдан 4,6 болу керек, не болмаса толы 4 балдан 3,5 болу керек.

В. Егерде максималдық бал көрсеткіші 5 не болмаса 4 балға тең болмаса, табалдырық бал талабы, шәкіртақы бөлетін комиссияның қосымша шешімімен анықталады.

Д. Мемлекеттік классификатор бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан білім алған приоритетті деп саналатын мамандықтар:

- жаратылыстану ғылымдары;
- техникалық ғылымдармен технологиялар;

- ауылшаруашылық ғылымдар;
- медицина;
- ветеринария.

2.3. Материалдық тұрмыс қамсыздығы бойынша барлық үміткерлерге осындай талап қойылады:

- жеке қозғаулы мүлігі болмауы тиіс;
- жеке жылжымайтын мүлігі болмау керек;
- жеке акция қағаздарымен басқа қаржы көздері болмауы тиіс;
- коммерциялық банктерде депозиті болмау керек;
- отбасының табысы өзі тұратын ауданда ортақ жалақы көрсеткішінен жоғары болмау тиіс, сонымен қатар, отбасы мүшесі болып саналатын адамдар: а) ата анасы; б) тұрмыс құрмаған туған ағаларымен әпкелері.

2.4. Бірлестіктің әріптестерімен еш байланысы болмау керек:

А. Үміткер Басқарма Төрағасының жақын туысы болмау тиіс;

Б. Бірлестіктің әріптестің туысы болсаңыз, шәкіртақы беруге үмітіңіз төмендейді, егерде туыстық байланысыңыз жайлы айтпаған болсаңыз, шәкіртақы берілу тоқтатылады және алған қаржыны қайтаруыңыз мүмкін. «Туыстар» деген ұғымға жататын адамдар: әйелі/күйеуі, ата-анасы, баласы, ағасы, әпкесі, ағайы, тәтесі, жиені, немере ағасы, және ата-анасы жағынан туыстар: анасы, әкесі, әпкесі, ағасы, ұлы не қызы.

2.5. Келесі белгілер қосымша болып саналады, бірақ шәкіртақы алу үшін үміткердің мүмкіндігін көбейтеді егерде, үміткерлер саны қағиданың 2.2., 2.3. және 2.4 тармақшаларына сәйкес болса, және қарастырылуға берілген шәкіртақы санынан көп болса:

- таңдаған бағытта ғылыми жұмысына белсенді қатысып, ғылыми журналдарда ғылыми тақырыптағы мақалалары болу, университет және факультетінің қоғамы өміріне белсендігін көрсету, өз топ мүшесінде, оқытушылар арасында беделді болу, және спорт, ғылым, мәдениет не басқа салаларда көрсеткіші болу тиіс.

- үміткер мемлекет бөлген білімдік гранты бойынша оқу керек.

2.6. Шәкіртақы бөлінсе, үміткерге мемлекеттік шәкіртақысын алуға, мемлекеттік жоғарлатқан шәкіртақыны алуға тиым салынбайды. Егерде, үміткер Байқау басталар алдында, коммерциялық ұйымнан шәкіртақы алып жүрсе, ол Байқауға қатыса алмайды. Егерде, үміткер коммерциялық ұйымның шәкіртақысын алу байқауына қатысып жүрсе, Байқау нәтижесі шыққаннан кейін, ол Бірлестіктің шәкіртақысын алуға, не коммерциялық ұйымның шәкіртақысын алуға таңдау жасау керек. Өз шешімі жайлы, студент жазбаша түрде айту керек, не болмаса www.taiburyl.kz сайтында көрсетілген Бірлестіктің электронды поштасына, Өтінімде көрсетілген өз электрон поштасынан хат жазып жіберу керек. Басқаша электрондық жазбалар қабылданбайды.

3. Байқауға қатысу өтінімдерін рәсімдеуі

3.1. Байқауға қатысу үшін, Бірлестік арнайы Өтінім нысанын береді (Бірлестіктің сайтында, «Өтінімді беру» бөлімшесін қараңыз), бұл өтініште үміткер келесі ақпаратты толтыру қажет:

- өмірбаяны;
- өтініш-негіздеме;
- өзі жайлы ақпарат;
- отбасы мүшелер саны;
- материалдық жағдайы;
- оқу үлгерімі;
- үміткердің кәсіби ынтасы;
- ғылыми дайындық деңгейі және үміткердің қатысу ынтасы;

- ғылыми мақалалары;
 - ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы;
 - университет не басқа университет сыртында ұйымдастырылатын білімдік, спорт, қоғамдық жобаларға қатысуы;
 - олимпиада, ғылым, спорт, мәдениет саласындағы республикандық және халықаралық байқау, турнирлер жүлдегерінің сыйлықтарының иегері болуы.
- 3.2. Бірлестік көпшілік көретін өз есептемесінде үміткердің келесі мағлұматтарын жариялайды:
- Т.А.Ж.;
 - туған күні, айы, жылы;
 - оқитын ЖОО, курс, мамандығы, және тобы.
- 3.3. Бірлестік студенттің мағлұматтарын анализ ретінде пайдаланатын болады, осылай үміткерлер ішінен ортаңғы көрсеткішті анықтау үшін, келесіде оның нәтижесінде шыққан анализін жариялайды, бірақ үміткердің айқын аты-жөнін көрсетпейді. Өтінім білдіру дегеніміз, өз мағлұматтарын пайдалануға келісім беру.
- 3.5. Студентердің Байқауға керек құжаттарды жинаған кезде пайда болған шығындарды Бірлестік қайтармайды.
- 3.6. Егер құжаттың түпнұсқасы болмаса, толтырылған Өтінім және оған тіркелген қосымша құжаттар қайтарылмайды.
- 3.7. Өтінім келесі шартта ғана қабылданады:
- қағиданың талаптарына сәйкес болса;
 - үміткерге қатысты барлық тармақша сұрақтарының толтыруы;
 - керекті құжаттарын нотариуспен бекітіп, заңдастырылған көшірмелері болуы, уақыт шектеулі болғандықтан, екінші рет тапсырылған құжаттар қабылданбайды.

4. Байқаудың өткізу түрі және тәртібі

- 4.1. Байқау өткізу уақыты Басқармат Төрағасының бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлер айтылған уақытқа дейін, өтінімді Бірлестіктің сайтында «Өтінімді тапсыру» бөлімшесі арқылы электронды модуль арқылы жібереді.
- 4.2. Хабарландырудан кейін Байқау екі деңгейде өткізілетін болады:
- өтінімдер белгіленген уақытқа дейін қабылданып, оның негіздері расталады;
 - мақұлдаған өтінімдер қарастыруға беріледі.
- 4.3. Қабылдау кезеңінде өтінімдер жиналып, сәйкес келмейтін өтінімдер келесі себептерден қабылданбайды:
- мағлұматтардың дұрыс толтырмауы;
 - өтінімге қажет құжаттарының толық болмауы;
 - жалған мағлұматтарды көрсетілуі.
- 4.4. Шәкіртақы бойынша Бірлестік Менеджері (әрі қарай-Менеджер) жабық өтінімдердің дұрыс толтырғаның, мағлұматтарының дұрыс екенің растайды. Расталғаннан кейін Өтінім «Расталған» деп саналады. Дұрыс толтырмаған, теріс мағлұматтары бар Өтінімдер үйлестірушімен расталмайды, олар «Жабық» деп саналады.
- 4.5. Екінші кезеңде шәкіртақы бөлетін Комиссиясымен (әрі қарай-Комиссия) Қағиданың 2 тармағында көрсетілген келісім шартқа сәйкес расталған құжаттарының қарастырылуы басталады.
- 4.6. Егерде, қағиданың (2.1., 2.2., 2.3., 2.4.) тармақшасында берілген талаптарға сай үміткерлер саны жариялаған шәкіртақы сандарынан аспаса, бұл жағдайда шәкіртақы бәрі үміткерге беріледі.
- 4.7. Егерде, қағиданың (2.1., 2.2., 2.3. и 2.4.) тармақшасымен талаптарға сай үміткерлер саны жарияланған шәкіртақы санынан асып түссе, бұл жағдайда Комиссия шешімімен, өтінімдер қағиданың (2.4.Б, 2.5. и 2.6.) тармақшасында көрсетілген қосымша талаптар бойынша қарастырылып, талаптарға сай бал қойылып, сонымен байқау табалдырығының балы анықталады, сөйтіп қалған үміткерлердің саның жарияланған шәкіртақы санына теңестіреді.

4.8. Комиссия анықталған белгі бойынша қосымша талаптарды бес балды жүйемен сынайды. Сараптаманың Негізгі белгілері:

– ЖОО-нда оқып жүрген кезеңіндегі (бірінші курс студенттері 11 сыныпта оқып жүрген кезеңінің жетістіктерін тапсыруға болады) үміткердің әрекетінің деңгейі: ғылым, спорт және мәдениет саласындағы сондай-ақ республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстардағы жүлделерімен алған ұтыс орындары (нәтижелері, келешектері, жеке қызығушылық деңгейі);

– үміткердің кәсіби қасиеттері (кәсіби терминологияның білімділігі, шет тілдерін білуі);

– үміткердің өмірлік айқындамасын, әлеуметтік жауапкершілігін, тіл тапқыштығын көрсететін, белсенді қоғамға жұмысына қатысуы және өзінің жобаларының жүзеге асыруы, мамандығына сай тәжірбиелік саласында кәсіби білімімен әдетін қолдана білуі.

4.9. Керек жағдайда, Комиссия мүшелері Өтінімдерді жазбаша пікірге сала алады. Комиссия мүшелерінің қойған бағаларымен пікірлері құпия ақпаратқа жатады, бұл ақпарат басылымға жіберілмейді, бірақ тек қана Бірлестіктің тиісті әріптестеріне Байқауды өткізу үшін, екінші деңгейде туған таласты сұрақтарды шешуге беріледі.

4.10. Комиссия мүшелерінің аттары жабық ақпаратқа жатады және бұл ақпарат көпке жайылмайды, бірақ Комиссия және Басқармат Төраға келісімімен, ақпарат ашық болуы мүмкін.

4.11. Байқау сарапшыларының шешімі пікірталасқа жатпайды және ақырғы деп саналады.

4.12. Байқауға берілген Өтінім негіздері Бірлестікпен не Комиссиямен өзгеріске ұшырамайды, көпке жайылмайды, сынауға берілмейді.

4.13. Байқау мақсатына жету үшін Бірлестік, шәкіртақы үміткерлерінің үшінші жақтан қосымша ақпарат және құжаттарды талап етуі мүмкін.

5. Шәкіртақының құны және төлеу тәртібі, алу шарттары

5.1. Байқаудың жеңімпаздарына (әрі қарай – шәкіртақы алушы) шәкіртақы төлеу барысы Бірлестікпен ұйымдастырылады.

5.2. Шәкіртақы құны Бірлестікпен бекітіледі.

5.3. Шәкіртақы 1 оқу семестіріне беріледі (5 ай), ай сайын төленіп, әрі қарай созырылмайды. Оқу семестрі дегеніміз есепті жылдың қыркүйек айынан келесі жылдың қаңтар айы аралығы немесе есепті жылдың ақпан айынан маусым айының аралығы. Шәкіртақы айдың 15-не дейін кешіктірмей беріледі.

5.4. Шәкіртақы Әріптесіміз-Банкпен шығарылған банк кәртішкесіне қолма-қолсыз төленеді. Атқарушы директор төлеу барысын қалап, таласты сұрақтарды шәкіртақы алу барысында шешеді.

5.5. Шәкіртақы алушы Ереженің 2.1., 2.2. и 2.3.тармақшасында көрсетілген талаптарға үнемі сай болу керек. Ереженің 2.1., 2.2. и 2.3 тармақшасында көрсетілген параметрлер өзгерсе, шәкіртақы алушы бұл өзгерістер болған күннен бастап бір ай ішінде Бірлестік әріптестеріне жазбаша түрде хабарлау керек.

5.6. Оқу семестрдің кез келген уақытында шәкіртақы алушының қаржылай жағдайы жақсарса, не оқудан шығарылса, Ереженің 2.1., 2.2. және 2.3 тармақшасындағы талаптарға сәйкес келмейтін болса, шәкіртақы төленбейді, бірақ өткенде алған шәкіртақының соммасын қайтаруға сұранбайды.

5.7. Шәкіртақы алушы Moomkin.com сайтында тіркеліп, «Taiburyl» тобының мүшелеріне кіру тиіс.

6. Шәкіртақы төленбейтін себептер

6.1 Шәкіртақы тек қана университеттің шынайы студенттеріне төленеді.

6.2 Шәкіртақы төленуі осы жағдайда тоқтатылады:

– оқу мониторинг барысында анықталған шәкіртақы алушының негізгі Ереженің талаптарына сай болмауы;

– Университет студентті академиялық демалысқа шығуы;

– студенттің университеттен шығарылуы;

– студенттің басқа жоғары оқу орнына немесе мамандыққа аударылуы (ауысуы);

- Бірлестікте қаражаттың мөлшері жетіспеуі.

6.3 Менеджер шәкіртақы алушыға шәкіртақы төленбес жайлы үкім шығарады, оның құжаттарын талаптарға сай еместігін растап, барлық қағаздарды Басқарма Төрағасына тапсырады. Шәкіртақы төленбеуі Басқарма Төрағасының үкімімен тоқтатылады.

6.4 Босатылған шәкіртақы университеттің басқа студентіне берілмейді. Босатылған шәкіртақы құны Қоғамның есеп шотында келесі жылдың байқауына шәкіртақы төлеу мақсатында қалады.

№1 Үстемесі. «ТАИБУРЫЛ» ҚБ Байқауына қатысу үшін үміткердің өтінімі

Өтінімді толтыру ережесі:

1. Өтінім www.taiburyl.kz сайтында электронды түрде арнайы модульмен толтырылады. Бірлестіктен электронды түрде келген хаттарды, конкурс аяқталғанша өшіруге болмайды.
2. XII тараудың мәтіні өмірінің негізгі оқиғаларын айқындау керек – өмірге келуі, мектепте білім алу кезеңі, ЖООна оқуға түсуі, өмірлік тәжірбие жиындығы.
3. XIII тараудың мәтіні келесі сұрақтарға жауап беру керек:
 - сіз не үшін осы байқауға қатысқыңыз келеді?
 - бізді қызықтыратын мамандық жайлы ақпаратты қайдан білдіңіз?
 - сіздің мектептегі не болмаса ЖООнда алған, ғылыми, спорт, еңбек және қоғам өміріңіздегі жетістіктеріңіз қандай?
 - неге осы оқып отырған мамандықты таңдадыңыз, оған не себептер болды (мамандықтың абыройы, мамандыққа қызығушылық, қабілетіктер, жоғары айлық, отбасылық дәстүр) ?
 - өз ісінің шебері болу үшін қандай қасиеттер болу керек?
 - Еліміздің өркендеуіне Сіз қандай үлес қоса аласыз?
4. Бүкіл тарау бөлістері орфографиялық не грамматикалық қатесіз толтыруы қажет.
5. Өтінімде үміткердің қолы барлық жерде қойылу қажет. Үміткердің қолы мен Аты – жөні керек жерде, қолтаңбасымен аты-жөні жазбаша қойылу керек.
6. Сайт арқылы Өтінімді толтырып болған соң, өтінім PDF-файлға қалыптасады. Файлды тек жеңген студенттер қағазға шығарып, әр бетіне қол қою керек. Өтінімге жеке суретін жабыстырып, керекті құжаттарды тіркеп, сонымен бірге онлайн-режиммен жіберілген сканерлік құжаттардың көшірмесі болу тиіс. Өтінім арнайы қыстырғышы бар папкаға салыну қажет.
7. Ғылым (олимпиада, турнирлер ж.т.б.), спорт, мәдениет саласында қатысқан марапаттарын ЖОО-нда оқып жүрген кезеңіндегі болуы тиіс, біріңші курс студенттері 11 сынып кезеңіндегі марапаттарын жіберуіне болады, 1-10 сынып аралығындағы марапаттар қабылданбайды.
8. Егерде үміткер жеңіске жетсе, басылыммен шығарылған өтінімді барлық құжаттарымен бірге “Taiburyl” ҚБ кеңсесіне жібереді. Алайда, үміткер жеңіспаз атанбаса, басылыммен шығарылған өтінімді жіберуі қажет емес.
9. Бұл Ережелер Өтінімдің ажыратылмайтын бөлімі деп саналады.

Бұл анықтамалар міндетті түрде жиналу тиіс. Анықтамалардың уақыты мен берілген мезгілі байқау өтіп жүрген кезінде болу керек. Бір айдан асып кеткен анықтамалар қабылданбайды.

I. Тапсыруға берілетін, қажетті құжаттар тізімі:	
Нотариалдық бекітілген Жеке куәлігінің көшірмесі	
Деканаттың таңбасымен бекітілген ҰБТ қортындысының көшірмесі (деканат)	
Оқу орнынан мәлімдеме (деканат), сондай-ақ оқу үлгерімінің мәлімдемесі (транскрипт)	
Еңбек кітапшасының көшірмесі (еңбек тәжірбиесі болған сәтте)	
Нотариалдық бекітілген диплом көшірмесі транскриптімен бірге (магистрлерге)	
Үміткердің атына не болмаса оның жұбайының атына жазылған пәтер мүлігінің бары/жоғы жайлы Анықтама; (ҚР ХҚКО)	
Бірге жинаған жылжымайтын мүлігінің болуы жайлы Анықтама (үйленгендерге, тұрмысқа шыққандарға)	
Соңғы 6 ай ішіндегі үміткердің атына не болмаса жұбайының атына жазылған Автокөлігінің бары/жоғы жайлы Анықтама; (ҚР АрнайыХҚКО)	
Сотталуы бар/жоқ жайлы Анықтама (ХҚКО)	
Үміткердің жұмыс орнынан жалақысы жайлы анықтама және соңғы 1 жылда зейнетқордан алынған анықтама (бар болса)	
Жұбайының жұмыс орнынан жалақысы жайлы анықтама және соңғы 1 жылда зейнетқордан алынған анықтама (бар болса)	
Ата-анасының жұмыс орнынан жалақысы жайлы анықтама және соңғы 1 жылда зейнетқордан алынған анықтама (бар болса)	
Неке қидыру құжатының көшірмесі (бар болса)	
Балаларының туу куәліктерінің көшірмесі (бар болса)	
Республикалық/халықаралық турнирлерде ғылым және спорт саласында ұтысты жүлде алғаның дәлелдейтін сертификат/дипломдарының түсті көшірмелері	

Жауапкершілік Өтініші

Мен _____

(Т.А.Ж. жазбаша жазылады)

«Taiburyl» ҚБ ай сайын шәкіртақысын алуға үміткерімін, бұл Өтінімде берілген ақпараттын бәрі дұрыс, әрі толық деп растаймын. Толық емес әрі жалған ақпараттын берілуі байқауға қатысуға жіберілмейтіні жайлы маған белгілі, сондай-ақ егерде Ай сайын шәкіртақысы маған берілсе, жалған ақпарат үшін шәкіртақдан айырылуым жайлы да белгілі. Мен «Айлық шәкіртақылар» Ережесінің талаптарымен толық таныстым.

Мен тестілеудің және сұхбаттасудың нәтижесін сарапшыларға, әріптестерге және тағы басқа қызығушылығы бар ұйымдарға берілуіне, сондай-ақ ресми сайтта байқау іріктеуінің нәтижесін басылуына қарсы емеспін.

Мен байқаудың барлық деңгейіне жеке өзім қатысатыныма жауап беремін және барлық байқау деңгейлерін өзім ата-анам/жанашыр, не басқа делдалдың қатысуысыз өтетініме міндет етемін. Байқау барысында, байқау деңгейлерін өткізетін және соған жауап беретін Бірлестік қызметкерлеріне әдепті болуына міндет етемін.

Өтінімдің I-IV тарауларында көрсетілген жеке ақпараттың өзгеруіне байланысты, күнтізбенің 7 (жеті) күн ішінде өзгеріс болған сәттен бастап жаңа ақпаратты жазба түрінде не болмаса www.taiburyl.kz сайтында көрсетілген Бірлестік электронды поштасына өз Өтінімде көрсеткен электронды поштамнан хат түрінде хабарлауым жайлы жауап беремін.

Өтінімдің IV тарауында көрсеткен электронды поштамды әрдайым тексеріп тұруға міндет етемін, сондай-ақ талап ететін ақпаратқа уақытымен жауап беруге міндеттісемін.

Төменірек курсивпен белгіленген мәтінді өз қолыңызбен жазуыңызды сұраймыз:

Бұл ақпаратты өзім толтырдым, әр бет өзіммен тексеріліп, бекітілді. Жоғарырақ көрсетілген талаптармен таныстым және толық келісемін (өз қолыммен растаймын).

Үміткердің қолы _____ Күні, айы, жылы _____